

Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1997 жылғы 27 тамыздағы N 2-Ө бұйрығымен бекітілген "Қазақстан Республикасында Жинақтаушы зейнетақы қорларының өз капиталын қалыптастырудың негізгі талаптары туралы нұсқаулыққа" өзгерістерін және толықтыруларын бекіту туралы

Күшін жойған

БҰЙРЫҚ Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті 2000 жылғы 31 қаңтар N 9-Ө. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу басқармасы 2000 жылғы 29 ақпан өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп тіркелді. Тіркеу N 1067. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2003 жылғы N 127 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің өсу қарқыны ұлғайған жағдайларда жинақталған зейнетақы қаражатының сақталуы жөніндегі шараларды қамтамасыз ету үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1997 жылғы 27 тамыздағы N 2-Ө бұйрығымен бекітілген "Қазақстан Республикасында Жинақтаушы зейнетақы қорларының өз капиталын қалыптастырудың негізгі талаптары туралы нұсқаулыққа" берілген өзгерістер және толықтырулар бекітілсін.

2. Заң бөліміне (Ю.Н. Лысенко) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде белгіленген тәртіппен тіркелсін.

Төраға міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрімен
КЕЛІСІЛГЕН

" _____ " _____ 2000ж.

Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің
31.01.2000 жылғы N 9-Ө
б ұ й ы р ы м ы н

БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1997 жылғы 27 тамыздағы N 2-Ө (мемлекеттік тіркеуі 17 қыркүйек 1997 ж., N 374), бұйрығымен бекітілген, 1998 жылғы 22 мамырдағы N 68-Ө (мемлекеттік тіркеуі 3 шілде 1998 ж., N 90), 1998

жылғы 18 желтоқсандағы N 176-Ө (мемлекеттік тіркеуі 22 қаңтар 1999 жыл N 674) бұйрықтарымен өзгертілген және толықтырылған және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің 1999 жылғы 15 қазандағы N 83-Ө (мемлекеттік тіркеуі 21 желтоқсан 1999 ж., N 1005) бұйрығымен бекітілген "Қазақстан Республикасындағы Жинақтаушы зейнетақы қорларының өз капиталын қалыптастырудың негізгі талаптары туралы нұсқаулыққа" Өзгерістер және толықтырулар

1. 2-бөлім, 2.3. тармақ, екінші жаңа жолы. "90 (тоқсан)" деген сан мен сөз "180 (жүз сексен)" дегенмен ауыстырылсын.

2. 2-бөлім, 2.3. тармақ, үшінші жаңа жолы. "20 (жиырма)" деген сан мен сөз "50 (елу)" дегенмен ауыстырылсын.

3. 2-бөлім, 2.3. тармағы "1999 жылдың 31 желтоқсанына дейін" деген сөздер "2000 жылдың 1 тамызына дейін" деген сөздермен ауыстырылсын.

Төраға міндетін атқарушы